

2010 жылы 1993 жылы туған азаматтардың Саран қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскерге шақыру учаскесінің есебіне алынуын өткізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қаласы әкімінің 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 04 шешімі. Қарағанды облысы Саран қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 қаңтарда N 8-7-100 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы N 01 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қаласы әкімінің 2010.12.20 N 01 шешімімен.

1993 жылы туған азаматтардың Саран қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскерге шақыру учаскесінің есебіне алынуын ұйымдастырылған және сапалы түрде өткізу, оларды әскери есепке алу, олардың санын, әскери қызметке жарамдылық дәрежесі мен денсаулық жағдайын, жалпы білім деңгейі мен мамандығын, дене-күш дайындығы деңгейін анықтау, алдын ала әскерге шақырылатындарды тағайындау және әскери-техникалық мамандықтар бойынша дайындау, әскери оқу орындарына түсу үшін үміткерлерді іріктеу мақсатында, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, 37 бабына сәйкес, қала әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2010 жылы қаңтардан наурызға дейінгі кезеңде есепке алу жылында он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың Саран қаласы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде әскерге шақыру учаскесінің есебіне алынуы өткізілсін.

2. Ақтас поселкесінің әкімі, меншіктік нысана түріне қарамастан қала кәсіпорындары, мекемелері, ұйымдары және оқу орындарының басшылары:

1) Саран қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскерге шақыру учаскесіне есепке алынуға тиісті әскер жасына дейінгі азаматтардың тізімін т а п с ы р с ы н ;

2) әскер жасына дейінгілердің Саран қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне уақытында келуін қамтамасыз етсін.

3. Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасының бастығы (Е.Ә. Әбілқасымов) (келісімі бойынша):

1) есепке алуды өткізу бойынша комиссия қарамағына есепке алынуға тиісті азаматтарды медициналық куәландыру өткізу үшін дәрігер-мамандар және орта

медициналық персоналдардың қажетті санын бөлсін;

2) Саран қаласы және Ақтас поселкесінің емделу мекемелері арқылы есепке алынуға жататын азаматтардың медициналық тексерудің барлық түрін жүргізуін қамтамасыз етсін;

3) әскерге шақыру учаскесінің есебіне алуды өткізу аяқталғаннан және Саран қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығының ұсыныс бергенінен кейін емделуді қажет ететін әскерге шақыртылғандар тізімі бойынша оларды емделу мекемелеріне бекітсін және олардың емделуін қамтамасыз етсін.

4. "Саран қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (Р.Б. Малшыбекова) 2010 жылға арналған қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес есепке алу кампаниясының уақытылы қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

5. "Саран қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (К.О. Тұңғышбаева) Саран қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығының тапсырысы бойынша есепке алуды өткізу кезеңіне техникалық жұмыстарды атқару үшін жұмыссыз азаматтар санынан 5 қоғамдық жұмыскер бөлсін.

6. Саран қаласының ішкі істер бөлімінің бастығы (Е.Б. Рахымбергенов) (келісімі бойынша) есепке алынадан өтуден бас тартқан азаматтарды іздестіру және әскерге шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету бойынша Саран қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен өзара іс-қимылды ұйымдастырсын.

7. Саран қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы (Қ.Б. Әбішев) (келісімі бойынша) жүргізілген азаматтарды есепке алу нәтижесі туралы қала әкімін ақпараттандырсын.

8. Осы шешім Саран қаласының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін өз күшіне енеді және бұқаралық ақпараттық құралдарында алғашқы ресми түрде жарияланған күннен кейінгі он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

9. Осы шешімінің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Л.Н. Кимге жүктелсін.

Саран қаласының әкімі

Е. Жиенбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

*Қарағанды облысы
денсаулық сақтау*

басқармасының бастығы

Е.Ә. Әбілқасымов

жөніндегі бөлімінің бастығы

*Саран қаласының қорғаныс
Қ.Б. Әбішев*

істер бөлімінің бастығы

С а р а н қ а л а с ы н ы ң і ш к і
Е.Б. Рахымбергенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ